

Көмір өнеркәсібін басқару жүйесі туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 28 маусым 1994 ж. N 1773.
Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Республиканың көмір өнеркәсібін басқаруды жетілдіру мақсатында қаулы
е т е м і н :

1. "Көмір" мемлекеттік холдинг компаниясы белгіленген тәртіп бойынша
т а р а т ы л с ы н .

2. "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291
Жарлығына /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ , 1993 ж., N 22, 274-бап/
қосымшаның 10-тармағының күші жойылған деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықты жүзеге
асыру жөнінде қажетті шешімдер қабылдайтын болсын.

4. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы, 1994 жылғы 28 маусым

N 1773